



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№19 (81) 9 мамыр 2025 жыл



Ерлік пен елдік рухы

Ұлы Отан соғысының қымбатты ардагерлері!
Құрметті облыс тұрғындары және қонақтар!
Баршаңызды 9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл соғыста Кеңес одағының халқы үлкен батылдық пен төзімділіктің шынайы үлгісін көрсетті. Бұл соғыстағы Отан қорғаушылардың жасаған ерліктері тарихта мәңгілік қалады. Себебі, ерлік – мәңгі өшпейтін тағылым! Бұл соғыс адамзат тарихындағы ең бір қанқұйлы соғыс болды. Жеңіс жолында миллиондаған адам құрбан болды, жеңісті біз әкелеріміз бен аталарымыздың өмірімен өтедік.

Сондықтан да, Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанкиярлық пен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, соғыста қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз.

Біз әрқашан Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз. Басқыншыларға қарсы тойтарыс беруде Кеңес әскерлерінің құрамында 1 миллион 366 мың қазақстандық болды. Өкініштісі, жыл сайын ардагерлеріміздің қатары сиреп, азая түсуде. Биылғы Жеңіс мерекесін облыс бойынша 5 соғыс ардагері қарсы алуда.

Жеңістің арқасында біздің аспанымыз ашық болып, тыныштықта бейбіт өмір сүріп, алаңсыз еңбек етіп келеміз. Әкімдік тарапынан ардагерлерді моральдық, әлеуметтік және материалдық тұрғыда көтермелеуге әрқашан қолдау бар. Алматы облысында Жеңістің 80 жылдығына орай 5 ардагерге 5 миллион теңге көлемінде бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. Сонымен қатар, арнайы акциялар аясында Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне тұрмыстық, медициналық көмектер те ұйымдастырылуда.

Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері!
Жеңіс мерекесі – жеңімпаз әкелер мен аға буынның және сол ағалар ісін алға апаратын жас буынның

мерекесі. Сіздер қорғаған бейбіт өміріміздің аясында егемен еліміздің мәртебесі жоғары, мерейі үстем болсын! Ұлы мереке құтты болсын!

Құрметті офицер мырзалар мен сарбаздар! Қадірменді жерлестер!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ер-азаматтардың құрметіне арналған бұл мереке егемен елдің қорғаныс қуатын, бекемдігін көрсетеді. Әрбір Отан сүйетін азамат елін, жерін қорғауды өзіне бұлжымас міндет санайды. Ерлер Отанының ғана емес, отбасының да берік қорғаны!

Туған жері мен Отанын қорғау – батыр бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпес өсиеті, қасиетті дәстүрі. Сондықтан да бүгінде сайыпқыран сарбаздарымыз ата-бабамыздың ерлік дәстүрін лайықты жалғастырып, әскери борыштарына, антына адал қызмет атқаруда.

Тәуелсіз елімізде жауынгерлердің ұрыс қабілеті артып, қазіргі заманғы қару-жарақтармен жабдықталып, әскер қатары білікті кадрлармен толығып келеді. Отанымыздың шекарасын, аумақтық тұтастығын қорғау үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Ең бастысы, жауынгерлеріміздің бойында отаншылдық рух күшейіп, әскери қызметтің абыройы мен беделі көтерілді. Бүгінгі мерейлі мерекеде бар өмірін әскери қызметке арнап, өз қызметін мінсіз атқарып жүрген сардарларымыз бен сарбаздарымызға алғысымызды білдіреміз.

Тәуелсіздігіміз бен бейбітшілігімізді кірпік қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Бейбітшілікті мақсат еткенТәуелсіз еліміздің абыройын асқақтатар қуанышты күндер көп болсын!

**Құрметпен,
Алматы облысының әкімі
Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ.**

Память

«Дань отдавая павшим героям, к их обелиску возложим цветы...»



5 мая, в преддверии праздника Победы, в знаменитом парке 28 панфиловцев в Алматы было многолюдно.

Напомним, что в этом парке увековечена память солдат из пехотного подразделения 316-й стрелковой дивизии, сформированной в Алма-Ате и Бишкеке под командованием генерала Ивана Панфилова, известной тем, что она задержала продвижение немцев к столице СССР. В кровопролитных боях на Волоколамском шоссе с превосходящими силами противника проявился выдающийся талант командира Бауыржана Момышұлы. За неуловимость, дерзость и храбрость руководимой им малой группы бойцов немцы прозвали его «дикий лейтенант».

Мемориал был открыт в 1975 году, к 30-летию победы в Великой Отечественной войне. Архитекторы и скульпторы композиции Т. Басенов, Р. Сейдалин, А. Артимович, В. Андрущенко. И сегодня не только год 80-летия Победы, но и ровно полвека с момента открытия мемориального комплекса. Символично, что в этом же парке в 2010 году, 35 лет спустя после открытия мемориала, был воздвигнут памятник панфиловцу,

участнику битвы за Москву, Герою Советского Союза, «Халық қаһарманы», полковнику Бауыржану Момышұлы (скульпторы Н. Далбай и Р. Сатыбалдиев), оставившему после себя не только военное, но педагогическое и писательское наследие...

Но вернемся из экскурсии в недавнюю историю к нашим дням. Выезд ветеранов Алматинской области к знаковому для всей страны месту был организован областным Советом ветеранов. Из поселка Отеген батыр два комфортабельных автобуса в сопровождении патрульной машины доставили делегацию в южную столицу, в парк имени 28 героев-панфиловцев.

В составе делегации были председатели районных Советов ветеранов, председатели общественных объединений «Асыл ана», руководители молодежных движений «Алатау жастары», журналисты газеты «Алатау ардагері».

Перед возложением цветов к вечному огню в парке председатель Алматинского областного филиала РОО «Ветеранские организации» Ерболат Турымбетов сказал: «Сегодня вся страна отмечает 80-летие победы советского народа в войне 1941-1945 гг. Казахстан внес

огромную лепту в разгром врага. На фронт ушло более одного миллиона казахстанцев, и более 600 тысяч из них погибли. У нашего поколения, бывшего в то время подростками, практически в каждой семье были участники той страшной войны: и выжившие, и погибшие, и ставшие инвалидами, и пропавшие без вести. Десятки тысяч казахстанцев героически трудились на «втором, трудовом фронте», приближая долгожданную победу. И наш священный долг – помнить ту войну, отдать дань памяти погибшим героям».

После церемонии возложения цветов и совместных фотографий на память ветераны осмотрели выставку военной техники, прошли к памятнику герою Советского Союза Бауыржану Момышұлы.

В одном из ресторанов поселка Отеген батыр был дан поминальный ас, прочтена молитва. Участники художественной самодеятельности районного Дома культуры и школьный вокальный ансамбль подготовили концертную программу из песен советских и современных казахских композиторов на тему войны 1941-45 годов.

Рамазан ЕЛЕШЕВ
Алматы – Отеген батыр

Апта жаңалықтары

Іле ауданы

Мәңгілік данқ

Байкент ауылдық округі әкімшілігінің қолдауымен, аудандық мәдениет үйі директоры Қарлығаш Ұланқызының жетекшілігімен ардагерлер қоғамының төрайымы Жаныл Өгізбаева Жаныл Жұмакелдіқызының ұйымдастыруымен Ұлы отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығына орай «Мәңгілік данқ» атты іс-шара өтті

Іс-шара барысында аудан қонақтары, ауыл тұрғындары, ардагерлер, ақсақалдар, аналар және 45-ші, 10-шы мектеп ұжымдары, кадет оқушылары толық атсалысты.

Сұрапыл соғыста ерлігін көрсетіп, отан үшін отқа түсіп қаза болған батырларымызды, бейбіт өмір сыйлаған ата-бабаларымызды еске алып, ауданымыздың Ардагер қоғамының төрағасы, Алматы облысының Құрметті азаматы Исаев Әмзе Әлдібекұлы сөз сөйлеп, кейінгі ұрпаққа дара жол көрсететін, елімізді, жерімізді сақтауға үндеу тастады.

Ақсақалдар кеңесі төрағасы Беріков Амантай ағамыз да бірнеше естелік ерлікті айтты.

«Бүгінгі ұрпақ» тарихта қалған батыр ата апаларымызды ұмытпауға, осы болған іс-шарадан тәлім тәрбие алары анық.

Іс шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Мәдениет үйі өнерпаздары әсерлі сахналық көрініс көрсетті. 45ші мектеп-гимназияның Кадет оқушылары ән шырқап таң қалдырды.

Ақжаулықты «Ұлағат» хор ансамблі «Мен сендерді іздеймін» әнімен өткен тарихты еске алды.

Ардагер қоғамы төрайымы Ж.Өгізбаева осы іс-шараға атсалысқан қатысушыларға ризашылығын білдіріп, рахметін жаудырды.

А.БАЙЫМБЕТОВА,
аналар кеңесінің төрайымы.
Байкент ауылы.

Қарасай ауданы

Мұражайдан алған эсер

Жақында Қарасай ауданының «Асыл ана» Қоғамдық бірлестігінің мүшелері мен ардагерлер ұйымының төрағалары Жандосов - Алматы трассасы бойына орналасқан «Батыр бабалар» мұражайы мен «Анаға құрмет» мұражайына барып, оның тарихымен, орналастырылған тарихи экспонаттардың шежірелерімен танысып қайтты.

Қазақ аналарының өмірі мен олардың өмірде, күнделікті тіршілікте қолданған үйге керекті заттарынан жиналған жәдігерлер сонау сақ дәуірінен бастау алған, Қазақ хандығының құрылуы тарихы , қазақ жеріне басып кірген Жоңғар шапқыншылығының зардабы, Абылай хан бастаған батыр бабаларымыздың жоңғарларға қарсы күресі, Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Қарасай батырлардың жауға қарсы соғысқан ерліктерінен сыр шертеді. Орыс империясының қазақтың жерін отарлау саясаты, осы отарлауға қарсы ерлік пен елдік үшін бүкіл қазақтың басын біріктіріп, отаршылдыққа қарсы күрескен қазақтың соңғы ханы Кенесары батыр бастаған көтеріліс, орыс империясының құлауы, советтік Қазақстан, Алаш қайраткерлерінің шығуы, олардың еліміз үшін жасаған өшпес еңбектері мен қайғылы өмірі, қазақ жеріндегі ашаршылық, Ұлы Отан соғысының басталуы, қазақтан шыққан Кеңес Одағының батырлары Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Маншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова, тағы басқадай батыр бабаларымыз бен аналарымыздың ерліктері мен майдан даласынан алынған материалдар нақты жинақталған .

Ұлы. Жеңістің 80 жылдық Жеңіс мерекесіне орай осы мұражайға барған аналарымыз бен ақсақалдарымыз керемет бір әсер алып, кейбіреулері үлкен ойға шомып, қазақ халқының қаншама қиындықтарға душар болып, зардап шеккен, бастарын бостандық үшін бәйгеге тіккен батыр бабаларымыз бен аяулы аналарымыздың өмірі кейінгі өскелең ұрпақтың санасында мәңгі есте қалатыны, орасан бір тәрбиелік мәні бар шара болып қалатыны сөзсіз деген оймен қайтты.

Ұйғыр ауданы

Достық пен ынтымақтастық жолында

Ұйғыр аудандық кітапханада «1-Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне» арналған іс-шара өтті. Іс-шараға аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсеитов, Шонжы ауылдық округі ардагерлер және ақсақалдар кеңесінің төрағасы С.Касимов, ауданның құрметті азаматы К.Ізбасарұлы, аудандық этномәдениет ұйымының мүшелері мен белсенді ардагер-зейнеткерлер және кітапхана оқырмандары қатысты.

Іс-шараны кітапхана қызметкері Р.Марданова жүргізді. Іс-шара барысында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсеитов, ауданның Құрметті азаматы, аудандық оқу бөлімі кәсіподақ ұйымының төрағасы К.Ізбасарұлы, аудандық жігіт басы Н.Арипов, Шонжы ауылдық округі әкімшілігінің жанындағы Аналар Кеңесінің төрайымы С.Омарова сөйлеп, қазіргі уақытта кен байтақ Қазақстанды ортақ Отанымыз деп таныған 130-дан астам ұлт өкілдері үшін бірліктің қымбат екендігіне баса назар аударып, алдағы уақытта да осындай бірлікте, ынтымақта, достықта болып, мемлекетіміздің дамуына өз үлестерімізді қосайық, жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеп, Отанын сүйіп құрметтеуге ат салысайық деген пікірлер айтылды.

Іс-шара барысында кітапхана оқырмандары тарапынан дайындалған әндер айтылып, билер биленді. Шара соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, тарқасты.

Жамбыл ауданы

Сенбілік ұйымдастырылды

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлзира Стамқұлованың ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» атты сенбілік өткізілді.

Сенбілікке «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары қатысты. Олар аулаларды тазалап, «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деген ұстаныммен ауылға ағаш отырғызды.


Мұндай шара Үңгіртас ауылдық округінде де ұйымдастырылды. Округтік ардагерлер кеңесінің төрайымы Күлшар Асылбекова бас болып, ауылдың барлық көшелері, көпірдің жан-жағы, арықтар тазартылды. «Таза Қазақстан» жобасы аясында өткізілген бұл сенбілік тек тазалық емес, сондай-ақ ел болашағына деген қамқорлықтың белгісіндей.



«ПУСТЬ ВОЙНА ОСТАНЕТСЯ ЛИШЬ В ВОСПОМИНАНИЯХ И НА КИНОЭКРАНАХ...» – так говорил фронтовик, разведчик, танкист, патриот страны Заманбек БАТТАЛХАНОВ

С Заманбеком ага мне посчастливилось познакомиться в начале 2000 годов, когда он уже вышел на заслуженный отдых. Но без дела аксакал, разумеется, сидеть не мог и исполнял в то время общественную должность – председателя Совета аксакалов Алматинской области. Его кабинет находился на территории СШ № 13, в Доме ветеранов поселка Отеген батыр. Это был умудренный партийным, советским опытом работы человек, бывалый фронтовик и прекрасный собеседник.

Старожилы рассказывали, что Заманбек ага, будучи главным человеком в районе, первым секретарем райкома КПСС, имел привычку по выходным посещать новую общественную баню на Сейфуллина. Ее строительство он сам пробивал «наверху», выбирал проект и контролировал стройку. Расстояние от дома до бани он преодолевал не на машине, а пешком, облачившись в простенькую одежду. И по дороге любил останавливаться, беседо-



Алексея Стаханова из Донбасса, перевыполнявшего норму выработки угля в сотни раз. - Прим. автора.) Избиралась депутатом районного совета. Мы жили в колхозе «Молотов», где проживали 62 семьи. Колхоз занимался животноводством, было более 150-200 голов крупного

зывал наш герой в своих мемуарах.

Боевое крещение Батталханов получил в жесточайших боях под Сталинградом, когда враг рвался к берегам Волги. И, уже будучи молодым бойцом, проявляя храбрость и бесстрашие, уходя в опасные ночные вылазки «за языком» (то бишь за живым немцем), он оставлял в штабе (вместе с домашним адресом и личными вещами) заявление: «Если погибну, прошу считать меня коммунистом».

Однажды ему улыбнулась фортуна: после ночного рейда на позиции врага он вернулся с «крупным уловом» - выследил, взял в плен и притащил в свое распоряжение немецкого офицера. Этот офицер дал ценные сведения нашему командованию. Тогда фронтовая газета опубликовала статью об успехе нашего земляка: «Славный сын казахского народа», и Заманбек был представлен к первой боевой награде.

В августе 1942 г. Батталханова отправили в город Свердловск на трехмесячные курсы механиков-водителей танка, а по приезде в часть его 1-я стрелковая дивизия была переименована в 1-й Гвардейский Орден Ленина механизированный корпус. Так начался боевой путь танкиста Батталханова. Он участвовал в крупнейшем на тот момент в военной истории сражении на Курской дуге, где с обеих

сторон было задействовано более одной тысячи танков и самоходных орудий. Форсировал Днепр, Дон, освобождал Венгрию, Югославию, победу встретил в австрийских Альпах. Дважды горел в танке, был ранен, лежал в госпитале и вновь возвращался в строй. Награжден орденами Красной Звезды, Отечественной войны 1-й и 2-й степеней, медалями «За отвагу», «За освобождение Киева» и другими.

После войны наш герой остался служить в вооруженных силах, окончил Глуховское военное училище, получил звание офицера. Открывались прекрасные перспективы в военной карьере, но... Тянуло на родину, и Батталханов оставляет военную службу. Счастливый, с

бек решил ехать в Алма-Ату для поступления в вуз.

В 1952 году он окончил филологический факультет государственного педагогического института имени Абая. В 1952-1954 годах работал учителем и директором в разных школах Уйгурского района. В 1955-1957 гг. работал заведующим отделом Уйгурского районного комитета партии, в 1957-1965 гг. – первым заместителем секретаря партии Уйгурского, Панфиловского районов, в 1965-1972 гг. – председателем исполнительного комитета Илийского района, в 1973-1985 гг. – председателем комитета компартии Илийского района, в 1973-1985 гг. – первым секретарем комитета партии Илий-



орденами на гимнастерке, Заманбек, преодолев тысячи километров, спешит в родной аул на границе с Китаем. Но его радость омрачают известия, что отец, вернувшись с фронта, умер от последствий тяжелых ранений, так и не дождавшись сыновей. Единственный младший брат, Болысбек, пропал без вести в боях под Ленинградом. Не было в живых и мамы. Черное крыло войны накрыло родной шанырак... Опустевший дом, тоска и чувство одиночества жгли душу молодого, но бывшего фронтовика, не раз смотревшего в глаза смерти. Но надо было продолжать жить, думать о будущем, о семье, получить образование. И в 1948 году Заман-

ского района. В 1970-1980 гг. два раза избирался депутатом Верховного Совета Казахской ССР, был делегатом 12, 13, 14, 15 съездов Казахской Компартии, в 1981 году – делегатом 26-го съезда Коммунистической партии Советского союза. В нем, отмечали его соратники, прекрасно сочетался талант организатора, требовательного руководителя, воспитателя и глубоко порядочного, гуманного человека. За годы трудовой деятельности Заманбек Батталханов был награжден орденами Ленина, Октябрьской революции, Трудового Красного Знамени, наградами независимого Казахстана – орденами «Достык», «Күрмет», «Отан».

Батталханов воспитал целую плеяду кадров, которые руководили районами, областями, крупными предприятиями, общественными объединениями, стали министрами. И это лишь короткий отрезок его насыщенной биографии, полной встреч, поездок, командировок, общения с друзьями, родными и своей большой семьей. Но это, как говорится, уже другая история. И, завершая повествование, приведу слова из его личных воспоминаний – слова человека, видевшего трагедию: «Пусть война останется лишь в воспоминаниях и на киноэкранах».

Рамазан ЕЛЕШЕВ
Илийский район



вать с жителями, которые часто не узнавали его без привычного официального костюма с галстуком и служебной «Волги». А старому партийцу было интересно знать, что же думают простые люди о руководстве, правильно ли оно все делает, что скрывается за бравыми отчетами подчиненных. Беседы продолжались и в самой бане, где, как говорится, все равны. И его радовало, что мнения были в основном положительные. Так это или нет, история умалчивает, но то, что Батталханов был человеком порядочным и уважаемым, ни у кого не вызывает сомнения.

А вот что писал Заманбек ага в своей книге о начале войны: «Моя мама долгие годы трудилась в колхозе и получила звание «стахановки» (как участница стахановского движения, по имени забойщика

рогатого скота, более 300 лошадей, 12-15 овечьих кошар. Продукцию по низким ценам сдавали государству. Из нашего маленького аула ушло на фронт 123 человека. В нашей семье было трое мужчин. Все ушли на войну. Из них в живых остался я один».

Когда началась война, Заманбеку было 19 лет, он только что окончил 10 классов Калжатской средней школы Уйгурского района Алматинской области, близ границы с Китаем.

«После получения аттестата все мальчишки стали проситься на фронт. Может, это был просто максимализм, непонимание, что такое война, но было огромное стремление, порыв – попасть на войну! Защищать Родину! Мы даже написали письмо наркомпо по военным делам Клименту Ворошилову», - расска-



Хорошая новость

Плюс очередной Центр активного долголетия

Открылся он недавно в новом городе Алматинской области – Алатау. Как известно, его центр – бывший поселок Жетыген (в советское время и до 1993 года – село Николаевка). В состав нового города включены ближайшие к нему села Илийского района – Енбек, Куйган, Жанаарна, Заречное, Коянкус, Ынтымак, Жанатап, Жанадаур, а также дачные массивы. Таким образом, население города Алатау, по предварительным данным, превысило более 50 тысяч человек. Цифра приличная, и она будет расти. Предполагается, что к 2050 году население вырастет до двух миллионов человек. Поэтому, конечно, открытие еще одного филиала Центра активного долголетия в Алатау – вопрос закономерный и перспективный.



Вот что рассказала нам Жулдыз Игибаева, организатор областного Центра активного долголетия города Есик, управления координации занятости и социальных программ Алматинской области: «Первыми услугами Центра в Алатау стали следующие: йога, психология, скандинавская ходьба, шахматы и тогыз кумалак, хореография, вокал, трудовая терапия, компьютерная грамотность и т.д. Трудоустроено более 10 сертифицированных тренеров, а также врач, техперсонал. Всего записалось на выбранные курсы более 70 пенсионеров, преимущественно женщин. Занятия проходят в Доме культуры микрорайона Арна, в бывшем здании акимата микрорайона Заречный». На церемонии открытия присутствовали представители управления социальной защиты населения, центров трудовой мобильности, общественных, ветеранских, женских организаций.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Алатау

Аманатқа адалдық

81 ЖЫЛДАН КЕЙІН ТОПЫРАҚ САЛДЫ

Міне, Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жыл толды. Соғыстың тұтқынсыз болмайтынын ескерсек, бұл соғыста миллиондардың тағдыры концлагерьлерде өтіп, әскери тұтқындардың тәніне де, жанына да жазылмас жара салды. Қазақстанда да жау қолына түсіп, тұтқындар тозағынан өткен адам аз болмады. Соның бірі – Іле ауданынан майданға шақырылған Шәміре Садықов.



Кезінде оның ата-анасына «Сержант Шәміре Садықов хабарсыз кетті» деген хат келген екен. Бұған сенбеген ата-анасы соғыс біткен соң түрлі құзырлы мекемелерге хат жазып, іздестіру жұмыстарын жүргізген. Олар о дүниелік болса да қалған туыстары Шәмірені іздестіруді әрі қарай жалғастырған. Әсіресе Шәміренің жиен қарындасы Бақыт Құлжабайқызы көп еңбектенді. «Іздеген же-

тер мұратқа» демекші, осыдан біраз уақыт бұрын Бақыт Құлжабайқызы тұтқынға түскен бауырының жерленген жерін тапқан болатын.

Осыған байланысты жақында Алматы облысы және Іле ауданының Құрметті азаматы Әмзе Әлдибекұлы Исаев күйеу баласы Ержігіт және немересі Әлібекпен бірге Германия арқылы Польша мемлекетіне жетіп, сонда жерленген бауыры Шәміренің басына барып, құран оқып, анасы Күләзияның басынан алынған туған жерінің топырағын салып келді. Ол жақтан да құры келмей Шәміре жерленген жердің топырағын анасының басына әкеліп салды. Осылайша о дүниелік болған ана мен баланың топырағы алмасып, рухтар бір-бірімен қауышқандай болды. Осылайша, соғыста еш хабарсыз кеткен бауырының бейітіне 81 жылдан соң туған жерінің, ал анасы Күләзияға жалғыз ұлының бір уыс топырағы бұйырды. Сонымен қатар анасы жатқан жерге ескерткіш тақта қойылып,

Шәміре Садықұлының есімі жазылды. Оның рухына арнап арнайы құран оқылып, ас берілді.

- Ұзақ жыл өтсе де Күләзия анамыздың аманатын орындадық,-дейді Әмзе Әлдибекұлы өз сөзінде. - Мен Шәміре бауырымның жатқан жерін тапқан Бақыт қарындасыма шексіз ризамын. Сонымен қатар



Боралдай кенттік ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрлан Шорманов ініме де алғысым шексіз.

Әңгімені әлқиссасынан бастасақ, Әмзе Әлдибекұлының атасы Исаның Садық, Олжабай, Әлдибек атты үш ұл мен Гүлбаршын, Шәмшия сынды бес бала тараған екен. Шәміре Сыдық атаның жалғыз баласы болатын. 1942 жылы майданға алыныпты, Курск доғасында жаумен шайқасқан. 1943 жылы бір топ кеңес әскерлерімен бірге Белград қаласының түбінде жау қолына тұтқынға түседі. 1944 жылдың 12 наурызында VI Шталаг концлагерінде қайтыс болып, Альт-Древитц қаласындағы зиратқа жерленген екен. Бұл қала бұрын Германияның жері болған. Соғыс біткен кезде жердің бөлісіне байланысты Альт-Древитц қаласы батыс Польшаға өтіпті.

Әмзе Әлдибекұлының айтуынша Шәміре бауырының анасы Күләзия демі үзілгенше жалғыз баласын күтумен болыпты. Сыдықтың ағайындары мен қарындастары Гүлбаршын, Шәмшия да хабарсыз кеткен бауырларынан хабар аламыз деуден жалықпаған көрінеді. Жалпы Исаевтар әулеті Шәмірені іздестіру жұмыстарын 80 жыл бойы жүргізді десек, қателеспейтін шығармыз. Шәміренің анасы жолдасынан айырылған соң қайынсіңілісі Гүлбаршынның қолында тұрып, баласынан айтуеір бір дерек алармын деген үмітпен өмір сүріпті. Демі үзілер шақта қайыны Әмзе мен қайынсіңілері Гүлбаршын мен Шәмшияға баласының өлі-тірісін білуді аманат етіп тапсырып кетіпті. Аналарының аманатын орындау жолында Шәміренің жиен қарындасы Бақыт Құлжабайқызы іздестіру жұмысын одан әрі жалғастырған екен. Оның еңбегі ақталып, Шәміре ағасының өзі болмаса да жерленген жерін тапты. Хабарсыз кеткен бауырларының жерленген жерінің табылуы туыстарының көңілдерін тоқтап, іштеріндегі мұң-шерді, уайым-қайғыны серпілткені анық. Тұтқынға түссе де, ешкім өз туысын жамандыққа қимайды. Жалғыз Шәміре емес, дәл сол кезде қолдарында қару-жарағы жеткіліксіз, мыңдаған жауынгерлердің жау қолына түсуі де-тағдырдың жазуы. Тұтқын болып, неміс әскерлерінің қорлық-зомбылығын көрген жауынгер де әу баста Отан үшін майданға аттанып, шамалары келгенше жаумен шайқасқанын да ұмытуға болмайды. Ендеше, ел шетіне жау тиген шақта қолына қаруын алып, қан майданға араласқан жауынгерлер қашан да құрметті болмақ. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін Шәміренің бейнесі туыстарының жадында мәңгі сақталмақ.

Роза АЙДАРБЕКОВА.



Екі соғыстың батыры

Ақ көрпесін қымтап жатқан кәрі қыс өз кезегін ару көктемге беріп, дала төсіне ерекше мезгіл келіп жетті. Алда мамырлап мамыр айы келеді. Мамыр десек, біздің санамызға ең алдымен Ұлы Жеңіс келетіні анық. Биылғы мерекенің өз ерекшелігі болғалы тұр. Күркіреген күндей болып өткен кешегі сұрапылда жеткен Жеңістің биыл сексен жылдығы аталып өтпекші. Жеңіс десек, қан майданда кеудесін оққа төсеп, бүгінгі бейбіт өмір үшін жанпида болған әкелеріміз көз алдымызға келеді. Туған жердің топырағы бұйырмай, қаншасы майдан төсінде қалды, қаншасы жараланып келді?! Айту да қиын, есту де қиын. Сондай тар жол тайғақ кешуден өткен жан, бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері, екі соғыстың батыры Мұқан Ақышев болмақ.

Ол кісі Еңбекшіқазақ ауданы Қайнар ауылында 1909 жылдың 2-ші мамырында дүниеге келген көрінеді. Әке-шешеден ерте айрылған жас балаға оңай болсын ба, атасы Ақыштың қолында тәрбиеленіпті. 1919 жылы сол кездегі Талғар ауылындағы жеті жылдық мектептің табалдырығын аттап, 1926 жылы бітіреді.

Оқуға зерек болса керек. Келесі жылы Алматы қаласында ашылған сауда саласын ұйымдастырудың алты айлық курсына түсіп, осы саланың маманы болып шығады. Алған мамандығы бойынша үш жылдай Алматы қаласындағы түрлі сауда орындарында қызмет жасайды. Оның ұйымдастыру қабілеті мен талапкерлігі байқалса керек, 1930 жылы осы қаладағы «Қызыл таң» сауда үйіне директор қызметіне тағайындалады. Осы жұмысты абыроймен атқарғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы сауда жөніндегі уәкілі қызметінде болғаны бар.

1938 жылы Совет одағының қарулы күштері қатарына әскери қызметке шақырылады. Ол кез-Совет одағының финдермен соғысы жүріп жатқан мезгіл. Мұқан ағамыздың тағдыр жолы солай болды ма, осы соғысқа қатысуға тура келеді. Ол аздай, әскери қызметін жалғастырып жатқанда 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Осы соғыстың бел ортасында болған ол алғашқыда гаубица артиллериясының командирі болып, Европаның талай елді мекендерін фашист басқыншыларынан азат етуге өзіндік үлесін қосады.

Оның ішінде өзі қатысқан басты шайқастардың бірі-әйгілі Сталинград шайқасы. Ол осы ұрыста көзге түсіп, ерекше ерлік жасағаны үшін коммунистік партия қатарына қабылданады. Соғыстың бел ортасына келген 1943 жылдың та-



мыз-қыркүйек айларында ол Украина елінде Донбасты азат ету шайқасына қатысады.

2005 жылы Жеңістің 60 жылдығына орай Донбасс әкімдігі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігін ұмытпау, жас ұрпаққа насихаттау мақсатында «1941-1945 Память народа» және «Битва за Донбасс» атты кітаптар шығарып, соларда шайқасқа қатысқан жауынгерлердің тізімін жариялаған көрінеді. Біздің айтайық дегеніміз сөз етіп отырған Ақышев Мұқанның да есімі, шені осы жинақтарда аталып, донбастықтар қан майданда елді азат етуге қатысқан ардагерлердің әруақтарына тағзым еткен.

Қырғын шайқаста дивизия, полктерден аман қалған жауынгерлерді топтастырып, емдеп, әскери-транзиттік пункттер мен запастағы әскери полктарға жіберіп, жаңа әскери құрама жасақтаған. Бұйрықтар мен жауынгерлердің жаңа дивизияға жіберген тізімдері архивтен алынып, кітаптар беттерінде жарық көрілгені ұрпаққа отансүйгіштік қасиеттерді, тарихты насихаттау, соғысқа қатысқандардың әскери жолдарын артында қалған ұрпағына жеткізу болып табылады.

1944 жылдың 10 наурызында шыққан сондай бұйрықтың біреуі архивтен табылып отыр. Оны ерекше атап отырғанымыздың себебі сол бұйрық Мұқан Ақышевке де қатысы бар болып шықты. Мичуринский транзиттік пунктінен 17 жауынгерді басқа бригадаға жіберу туралы бұйрықта сол жауынгерлердің арасында біздің кейіпкеріміз де бар.

Ол осы соғыста көрсеткен ерлігі үшін бірнеше рет орден, медальдармен марапатталған. Жеңіс күнін Германияда, Кенисберг қаласында қарсы алыпты. Соғыс барысында алған бірнеше жарақаттарын емдеп, соғыстың екінші топтағы мүгедегі болған ол 1945 жылдың қыркүйек айында жеті жылдық әскери жолын аяқтап, елге қайтып, отбасын құруға мүмкіндігі туды.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де Мұқан ағамыз елді қалпына келтіру, ауыл шаруашылығы мен басқа салаларды көтеру жұмыстарына белсене қатысады. 1946-1953 жылдары Талғар ауданының Калинин атындағы колхоз төрағасының орынбасары болып қызмет атқарады. Шаруашылық басқару үшін де білім қажет екенін түсінген ол Талғар қаласында колхоз төрағалары мен совхоз директорларына арналған екі жылдық курста оқып, білім алады.

Алған біліміне сай Калинин атындағы колхоздың төрағасы, одан кейін 1958 жылға дейін «Түркісіб» санаториясына қарасты шаруашылықта директор лауазымында қызмет еткені бар. Кейінірек, 1980 жылға дейін Калинин атындағы колхозда түрлі салада басшы болып, еңбек зейнетіне шықты.

Еліміздің, оның ішінде Калинин атындағы колхоздың дамуына 34 жыл қызмет жасап, еселі адал еңбегі үшін «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл» медальдарымен марапатталды.

Жолдасы Ақышева (Төлеева) Сара екеуі екі ұл мен алты қыз тәрбиелеп, оларды азаматтық жасқа жеткізді. Олардың басым бөлігі бала жастан дана жасқа жетіп, бұл күнгер зейнет жасында. Балаларының өздері өз ұрпақтарының қызығын қызықтап жатқаны анық. Олардан тараған немере-шөберелері де есейіп, алды өмірден өз орындарын тауып жатқан жағдайлары бар.

«Алыстаған сайын тау биіктей түседі» деген сөз бар халқымызда. Уақыт өткен сайын бір емес, екі қырғынның тауқыметін көріп, одан елге аман оралып, туған жер топырағында еңбекке араласқан аға ұрпақ өкілінің жүріп өткен жолы кейінгілерге үлгі-өнеге болады деп айта аламыз. Артында қалған ел-жұрты барда ондай батырлардың есімдері ұмытылуы тиіс емес. Олай болса, екі соғыстың батыры атанған Мұқан ағамыздың есімі, азаматтық кескін-келбеті, бітім-болмысы кейінгілердің есінде қалары анық.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.

Тұздыбастау ауылы.

Талғар ауданы.

БОЛМАСЫН СОҒЫС, БОЛМАСЫН!

Түннің бір кезі, бір ойды бір ой қуады,
Қолымда қалам, ойымның болмай тұрағы.
Дегбірім қашып, мазамды менің кетірген,
Баламның маған тосыннан қойған сұрағы.

Фашист деген кім? Ол өзі қандай, адам ба?
Адам емес ол, ұқсайды бірақ адамға,
Оқ атты олар, тып-тыныш жатқан еліме,
Содан да болар, жау болып қалған санамда

Кинодан көріп, оқығам талай кітаптан,
Отанға біздің соғыстың отын тұтатқан.
Сол кезде менің әкемді алып майданға,
Көз жасын көл қылып, аналарымды жылатқан.

Күрегін қойып, мылтығын алды қолына,
Қарсы шықты олар фашистің атқан оғына.
Партизан Қасым, Бауыржан, Мәлік атамдар,
Қақпаның құрды, олардың қанды жолына!

Күңіреніп тұрды далам да, менің тауым да,
Аналар мен балалар қалған ауылда
«Қарсы тұрамын» деп, ерлерім кетті майданға,
Соғыс деген бір алапат дүлей дауылға.

Он сегіз жаста танымай оңын, солын да
Талай боздақтар мерт болды жеңіс жолында
Антына берік, Отанын қорғап өлді олар,
Еске алып тұрар ұрпақ та қалмай , соңында

Сұм фашист сөйтіп, жүрекке салған жараны,
Балаларын күтіп, сарғайтқан талай ананы.
Бір-біріне көңілін айтып, жұбатты,
Майданнан үйге келгенде қағаз қаралы.

Қаһарман солдат бірігіп алға ұмтылды,
Талай боздақтың соғыста жаны қыркылды.
Атойлап салған ерліктеріңмен сендердің,
Есірген жаудың жалауы құлап, жыртылды.

От кешті олар Отан үшін күресте,
Атаңның балам аяғы қалған Бресте.
Болмасын соғыс, болмасын енді мәңгілік,
Күрсініп атаң алады соны жиі еске!

Бексұлтан КӨЛБАЕВ.
Талғар ауданы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Зиянды факторлар және қорғау шаралары

Өмір сүру процесінде, сондай-ақ еңбек қызметінде адамға күнделікті тіршілік ету ортасының да, өндірістік ортаның да зиянды және қауіпті факторлары әсер етуі мүмкін. Олардың кейбіреулері бірден немесе болашақта әртүрлі сипаттағы ауруларды тудыруы мүмкін, екіншісі жарақат пен жұмысқа қабілеттілікті жоғалтуы мүмкін. Бұл факторлар жиі өзара байланысты - бір топтың болуы екінші топтың себебі болып табылады.

Сонымен қатар, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әртүрлі түрлері қолайсыз жағдайларда немесе қауіпті аймақта ұзақ уақыт болған кезде де, осындай әсердің бір реттік әсерінен де пайда болатын кәсіби ауруларды тудыруы мүмкін.

Зиянды өндірістік фактор - әсері жұмысшының немесе қызметкердің сырқаттануына немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне және оның ұрпақтарының денсаулығына теріс ықпалы болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор. Қауіпті өндірістік фактор - әсері жұмысшының немесе қызметкердің жарақаттануына немесе өліміне әкелуі мүмкін өндірістік жағдай.

Өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының 4 тобы бар: физикалық, химиялық, биологиялық, психофизиологиялық.

Зиянды факторлар адам организміне қысқа немесе ұзақ уақыт әсер ету барысында қалыпты жағдайын бұзып еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға әкеледі бұл жағдай кәсіби ауру, немесе улану деп жіктеледі. Зиянды және қауіпті өндірістік факторлар – газ, шаң, шу, діріл/вибрация, тым жоғарғы немесе төмен температура, тым жоғарғы немесе төмен ылғалдылық, радиация т.б. Зиянды факторлар адам организміне қысқа немесе ұзақ уақыт әсер ету барысында қалыпты жағдайын бұзып еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға әкеледі бұл жағдай кәсіби ауру, немесе улану, өндірістік жарақаттану деп жіктеледі. Зиянды заттар адам ағзасына әсер ету дәрежесіне байланысты төрт қауіптілік класына бөлінеді: 1-төтенше қауіпті, 2- жоғары қауіпті, 3- шамалы қауіпті, 4- аз қауіпті.

Адамды зиянды факторлардан қорғау жұмыс аймағының ауасында, атмосфераның беткі қабатында, жер үсті, жер асты және ауыз су көздерінде зиянды заттардың шоғырлануын ШРҚ-ға тең немесе одан аз қамтамасыз етуге дейін азаяды. Табиғи, қалалық және өндірістік ортаның зиянды факторларынан адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай әдістер мен құралдар қолданылады: елді мекендер мен жұмыс орындарына қатысты зиянды заттар шығарындыларының, төгінділерінің көздерін ұтымды орналастыру; техникалық құралдар арқылы пайда болу көзінен зиянды бөлінділерді жою; қалдықтарды қауіпсіз көлеге жарату технологиясын енгізе отырып, ауаны, суды зиянды заттардан тазарту құралдарын қолдана отырып; жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚК) қолдана отырып жүргізіледі.

Әрбір жұмыс беруші өз қызметкерлерінің денсаулығына әсіресе зиянды қауіп факторларына байланысты өндірістерге қызығушылық танытуы керек.

Ойткені, әр адам үшін ең бастысы-оның денсаулығы.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы



Ұрпақ үні

МӘНГІЛІК ЕЛ ЖАДЫНДА

1941 – 1945 жылдары орын алған Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыс болып тарихқа енді. Биыл бұл сұрапыл соғыстың аяқталғанына 80 жыл болды. Дегенмен, бұл соғыстың ешқашан ұмытылмайтыны анық. Себебі жеңіс оңай келген жоқ.

Жеңіс күні – сан мыңдаған ұрпақ үшін ұлы мереке. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жакындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік,

Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Бұл күнді тек соғыс майданында ұрысқа қатысқан ардагерлер ғана емес, сонымен қатар майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші тыл ардагерлері де тойлайды. Бірақ жыл өткен болашақ ұрпақтың бейбіт заманда өмір сүруіне бар үлестерін қосып, Отан үшін жас өмірлерін қыршыңнан қиюға дайын болған ардагерлеріміздің қатары сиреп келеді, әрине, бұл жайт көңілге қаяу салады. Дегенмен уақыт өз дегенін алары хақ. Біз соғыс туралы тек ата-әжелеріміздің естелік әңгімелерінен, оқулық кітаптардан білеміз. Сондықтан соғыстың ызғарлы желі енді соқпағанын тілейміз! Бейбіт заманда өмір сүріп, аспанымыз әрқашан ашық болсын! Себебі мен соғысты жек көремін!

СУМАЯ ҚАЖМҰХАН,
№ 5 орта мектептің
11 сынып оқушысы
Жаңадәуір ауылы



Ауыл спорты

Достық рәуіштегі турнир

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл толмақ. Осы атаулы күнге орай Боралдай кентінде соғыс ардагерлерінің ерлігін ұлықтау мақсатында ауданаралық шағын футбол турнирі өтті. Аталған іс-шараны Боралдай кенті әкімінің аппараты мен кенттің Ардагерлер кеңесі бірлесіп ұйымдастырды.

Турнирге Боралдай кенті, Байкент, Ақсай, Ащыбұлақ ауылдары мен Алматы қаласынан келген «Желтоқсан ардагерлері» командалары қатысты.



пен бәсеке турнирге көрік берді.

Жарыс нәтижесінде бірінші орын «Боралдай ардагерлері» командасына бұйырды. Тәжірибе мен ауызбіршіліктің үлгісін паш еткен бұл команда жеңіске лайық ойын өрнегін көрсетті.

Екінші орынды «Ақсай ауылы» командасы иеленсе, үшінші орын Боралдай кентінің №40 орта мектебі командасына бұйырды. Жас ойыншылардың қажыр-қайраты мен ынтасы көзге түсті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар (1-орын – 50 000 тг, 2-орын – 40 000 тг, 3-орын – 30 000 тг), кубоктар, медальдар, мадақтамалар және арнайы сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар, жарысқа қатысушылар мен қонақтарға арналып дастархан жайылып, құрмет көрсетілді.

Жарыстың ең әсерлі сәті турнирге қатысқан 7 команданың ішінен топ жарып төртінші орынға ие болған «Желтоқсан ардагерлері» командасының мүшелеріне жүлделі екінші орын алған Ақсай ауылының жігіттерінің өз медальдарын тарту етуі мен Боралдайдың жүлделі екі командасының ақшалай сыйлығын бөліп бергені болды. Бұл дегеніңіз «Болар елдің жігіттерінің» өнегелі сыйластығы, қазақ азаматтарының тектілігі екендігіне бек дәлел.

Спорттық шараның негізгі мақсаты соғыс ардагерлерінің ерлігін еске алып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, аудан тұрғындарының достық қарым-қатынасты нығайту болып табылады.

Жарыс барысында аудан жастары ардагерлермен етене араласып, үлкендерден тағылым алып, рухани байланыс орнатты.

Боралдай кенті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлан Шорманов «Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне демеушілік жасап, қолдау білдірген барлық азаматтарға зор алғыс айтамыз» деп өз ризашылығын білдірді.

Жұлдыз БҰЗАУҚЫЗЫ,
Боралдай кенті әкімі аппаратының бас маманы.